

КЕЛІСІЛДІ

«Өскемен қаласының білім беру  
бөлімі» ММ басшысының м.а.

А. Абылайхан  
2019 ж.



БЕКІТЕМІН

Өскемен қаласы әкімдігінің «Оқу-  
өндірістік комбинаты» КММ  
директоры

Б.Искаков  
2019 ж.



**Педагог-психологтарға арналған  
«Психолог-кәсіби бағдарлаушы» байқауы туралы  
ереже**

**I. Жалпы ережелер**

- 1.1. «Психолог-кәсіби бағдарлаушы» байқауы (бұдан әрі - Байқау) Өскемен қаласы әкімдігінің «Оқу-өндірістік комбинаты» КММ білім алушыларды кәсіби бағдарлау орталығының қызметі аясында өткізіледі.
- 1.2. Байқауды ұйымдастырушылар кәсіби бағдар беру жұмысында ұсынылған материалдарды пайдалану құқығын өзіне қалдырады.
- 1.3. Осы Ереже байқаудың өткізу тәртібін, шарттарын, қатысуышыларды және мерзімін анықтайды.

**II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері**

- 2.1 Педагог-психологтың кәсіби бағдар беру жұмысына инновациялық тәсілдерді енгізу арқылы іс-шараларды өткізу тәжірибесін жалпылау және танымалдандыру.
- 2.2 Кәсіптік бағдар беру жұмысын қолдау бойынша әдістемелік материалдар қорын құру арқылы оқу-тәрбие үрдісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.
- 2.3 Дарынды педагог-психологтарды анықтау және мадақтау.

**III. Байқауға қатысуышылар**

- 3.1. Байқауға Өскемен қаласының білім беру ұйымдарының педагог-психологтары қатысады.
- 3.2. Бір білім беру ұйымынан Байқауға қатысу үшін кәсіптік бағдар буклеттерін ұсынатын 2-ден артық емес қатысуышы жіберіледі.

**IV. Байқауды өткізу тәртібі мен мерзімі**

Байқау қашықтықтан өткізіледі және 3 кезеңнен тұрады:

**Бірінші кезең:**

2020 жылдың 10 қаңтарына дейін (16:00) - Байқауға қатысуға өтінім беру (1-қосымшадан қарастау).

**Екінші кезең:**

2020 ж. 24 қаңтарға дейін (16:00) – электрондық пошта бойынша [safarovant@goroo.ukg.kz](mailto:safarovant@goroo.ukg.kz) адресіне байқау материалдарын ұсыну

**Үшінші кезең:**

2020 ж 29 қаңтар күні сағат 15.00-де – байқау женімпаздарын салтанатты түрде марапаттау.

## **V. Материалдарға қойылатын талаптар**

5.1. Байқау материалы:

- ата-аналар;
- оқушылар;
- мұғалімдер;
- жас психологтар үшін кәсіби бағдар беру буклетін ұсынады.

5.2. Буклетті ресімдеуге және мазмұнына қойылатын негізгі талаптар:

- бастапқы өлшем—A4 форматы,
- буклет формасы регламенттелмейді (3-қосымшадағы мысалдарды қарau);
- ақ-қара нұсқада басып шығару кезінде оқылуы (суреттер мен фотосуреттерге ерекше назар аудару);
- пайдаланылатын суреттердің жақсы сапасы.

5.3. Буклет жасау үшін 3-қосымшада көрсетілген ұсынымдарды пайдалану ұсынылады.

5.4. Байқау материалдары электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде «Педагог-психологтарға арналған байқау (мектеп №)» деп көрсете отырып [safarovant@goroo.ukg.kz](mailto:safarovant@goroo.ukg.kz) электронды адресіне қабылданады.

5.5. Байқауға қатысуға тек түпнұсқалық авторлық әзірлемелер ғана жіберіледі. Байқауды ұйымдастырушылар анық плагиатта анықталған әзірлемелерді қатысудан шеттету құқығын өзіне қалдырады.

## **VI. Материалдарды бағалау критерийлері**

- Байқау тақырыбына сәйкестігі;
- безендіру талаптарына сәйкестігі;
- мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкестігі;
- ақпараттылығы;
- түпнұсқалық, шығармашылық тәсіл;
- буклетті жалпы эстетикалық қабылдау;

## **VII. Қорытынды шығару және марапаттау**

6.1. Байқау жеңімпаздарын құзыретті қазылар алқасы анықтайды.

6.2. Қазылар алқасының бағалау нәтижесі бойынша қатысушыларға 1, 2 және 3 орын алғаны үшін грамоталар беріледі.

6.2. Жеңімпаздар қатарына енбекен, бірақ жоғары балдары бар байқау қатысушылары қатысқаны үшін сертификаттарымен марапатталады.

6.3 Байқау жеңімпаздарын марапаттау және сертификаттарды табыстау рәсімі 2020 жылдың 29 қаңтар күні сағат 15.00-де Гастелло көшесі, 14 үйде орналасқан Өскемен қаласы әкімдігінің «Оқу-өндірістік комбинаты» КММ акт залында өтеді.

**Педагог-психологтарға арналған «Психолог-кәсіби бағдарлауыш» байқауына  
қатысуға арналған  
өтінім үлгісі**

(MS Word документі түрінде [safarovant@goroo.ukg.kz](mailto:safarovant@goroo.ukg.kz) электронды адресіне жіберіледі)

Білім беру үйімінің толық атауы	ТАӘ (толық)	Буклет тақырыбы	Мақсатты аудитория	Байланыс деректері: телефон және e-mail

1. Өтінімді ресімдеу үлгісі 2-қосымшада.
2. Ережеге сәйкес өтінімдер 2020 жылдың 10 қаңтарына дейін қабылданады (16:00).
3. Байқау материалдары 2020 жылдың 24 қаңтарына дейін қабылданады (16:00).
4. Буклет жасау кезінде 3-қосымшада берілген ақпаратты пайдалану ұсынылады.

## 2-қосымша

**Педагог-психологтарға арналған «Психолог-кәсіби бағдарлауыш» байқауына  
қатысуға арналған  
өтінім үлгісі**


(MS Word документі түрінде [safarovant@goroo.ukg.kz](mailto:safarovant@goroo.ukg.kz) электронды адресіне жіберіледі)

Білім беру үйімінің толық атауы	ТАӘ (толық)	Буклет тақырыбы	Мақсатты аудитория	Байланыс деректері: телефон және e-mail
Өскемен қаласы әкімдігінің «№88 орта мектебі» КММ	Сидорова Мария Ивановна	«Жасөспірім және мамандық таңдау»	Ата-аналар үшін	
Өскемен қаласы әкімдігінің «№88 орта мектебі» КММ	Смагулова Айгуль Ержановна	«Психолог жұмысындағы кәсіби бағдар берудің орны»	Жас психологтар үшін	

1. Өтінімді ресімдеу үлгісі 2-қосымшада.
2. Ережеге сәйкес өтінімдер 2020 жылдың 10 қаңтарына дейін қабылданады (16:00).
3. Байқау материалдары 2020 жылдың 24 қаңтарына дейін қабылданады (16:00).
4. Буклет жасау кезінде 3-қосымшада берілген ақпаратты пайдалану ұсынылады.

### Буклет дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар

БУКЛЕТ – бұл бір парақта жасалған басып шығару жұмысы, бірнеше бетте параллель бүктемелермен бүктелген буклеттегі мәтін кесусіз оқылуы мүмкін, басып шығарылған бүктемелер керме сияқты ашылады (1-сурет).



1-сурет. Буклеттердің негізгі түрлері

Буклет мекеменің имиджін қалыптастыруға әсер ететін жарнамалық өнім, презентациялық материал болып табылады. Бұл білім беру мекемесінің тіршілік әрекетінің түрлі жақтары туралы ақпаратты қамтитын баспа басылымының түрі (бұл жағдайда – білім беру мекемесіндегі психологтың кәсіптік бағдар беру жұмысы).

Буклет Microsoft Word, Microsoft Publisher мәтіндік редакторлардың көмегімен жасалуы мүмкін. Microsoft Publisher бағдарламасы ақпараттық буклет жасауға ынғайлыш, өйткені онда басып шығаруға арналған жарияланымдардың ұлгілері бар, бұл оларды жасау процесін женілдетуге мүмкіндік береді. Егер компьютерде осы бағдарлама болмаса, онда Microsoft Word мәтіндік редакторында буклеттер жасауға болады. Бұл жағдайда «Макет» ішкі мәзірінде парақтың альбомдық бағытын таңдау және оны үш бағанды бөлу немесе ақпаратты орналастыру үшін үш бағанды кестені жасау ұсынылады.

**Баспа басылымдарын дайындау кезінде бағалаудың жалпы критерийлерін бөліп көрсетуге болады:**

1. Стиль мәнері.
2. Мәтіннің анық жазылуы. Ақпараттың оңтайлы қөлемін дұрыс анықтау қажет - ол қандай да бір мәселені ашу үшін жеткілікті болуы тиіс, бірақ тым көп болмауы керек, бұл қаріп мөлшерін азайтуға әкеп соғады және мәтіннің «оқылуына» теріс әсер етеді.
3. Бөлшектерді ойластыру.
4. Стильдер мен қаріптерді мақсатты пайдалану.
5. Жалпы дизайнның тартымдылығы.
6. Ақпаратты орналастыру мен мазмұнының жалпы идеяға сәйкестігі.

Буклетті жасауға кірісе отырып, оның құрылымының сипаттамасын әзірлеу қажет. Ақпараттың қысқаша мазмұнын ойластырып, иллюстрациялардың орналасуын анықтау керек. Жұмысты бастарда осы жарияланымның не үшін және кім үшін дайындалатынын нақты елестету керек.

Буклет жасау үстінде жұмыс істей отырып, ол дайындалатын мақсатты аудиторияны ескеру қажет. Осы байқауға арналған буклеттерді мақсатты аудитория бойынша төрт топқа бөлуге болады:

1. ата-аналар үшін;
2. окушылар үшін;

3. мұғалімдер үшін;
4. бастаушы психологтар үшін.

**Буклет мазмұны мен безендірілуі міндепті түрде мақсатты аудиторияға, буклеттің түріне байланысты екені есінізде болсын!**

**Ата-аналарға арналған** буклет мазмұны белгілі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1. Буклет мазмұны, терминология оқырмандарға түсінікті болуы керек.
2. Ата-аналарға арналған буклет көбінесе мекеме (атап айтқанда, педагог-психолог) өткізетін бірқатар кәсіби бағдар беру шараларына арналады.

3. Буклеттің мазмұнын жоспарлай отырып, оқырманда қандай сұрақтар туындауы мүмкін екенін жақсы елестету қажет. Мысалы, жасалған буклет ата-аналарға баланың шынайы қызығушылығы мен қабілетін тануға көмектеседі.

**Оқушыларға арналған** буклетке, мысалы, тұлғаның өзін-өзі дамытуға арналған тесттерді орналастыруға болады.

**Педагогтарға арналған** буклет сабакта қолданылатын оқу іс-әрекетінің инновациялық түрлері мен әдістерін таныстыруға; белгілі бір мәселені шешудің нұсқаларын ұсынуға бағытталуы мүмкін. Буклеттің бұл түрі кәсіби терминдерді, белгілі педагогтардың айтқан сөздерін, кестелерді, сыйбаларды, диаграммаларды қамтуы мүмкін.

**Бастаушы психологтарға арналған** буклетке диагностикалық әдістемелердің инвариантты блогын қосуға болады; кәсіптік бағдар бойынша педагог-психологтың жұмыс алгоритмін сипаттауға болады.

Жалпы, жоғарыда аталған барлық буклеттер жалпы талаптарға сәйкес болуы тиіс. Егер мазмұн бір ортақ идеяға бағынса, орынды.

Буклет көлемі жағынан жеткілікті жинақы болғандықтан, онда ұсынылған ақпарат жинақы, тезисті түрде ресімделуі тиіс.

Буклетте суреттер, фотосуреттер болуы мүмкін, оны дайындау кезінде безендірудің бірыңғай стилін ұстану қажет.

Буклетпен жұмыс жасай отырып, оны дайындау кезінде қандай мақсаттар мен міндептерді қоятыныңды үнемі есте сақтаңыз.

Кез келген буклетті дайындау кезінде оның мазмұны мен мәдениетін анықтайтын ерекше маңызды қасиеттер баяндалудың дәлдігі, **айқындығы және қысқаша мазмұны** болып табылады. Мұнда басылымның негізгі идеясын анықтайтын, оң имиджді, білім беру мекемесінің бірегей тұлғасын қалыптастыратын ұрандарды, эмблемаларды ойластыруға болады.

**Буклетте мыналар көрсетілуі қажет:**

1. білім беру мекемесінің атауы;
2. пошталық және электрондық мекен-жайы, байланыс телефоны;
3. құрылған жылы;
4. жұмыс тақырыбы;
5. мақсатты аудитория;
6. осы бағыт бойынша қызметтің негізгі бағыттары;
7. осы бағыт бойынша ең маңызды жетістіктер;
8. қалауы бойынша қосымша ақпарат;
9. фотосуреттер: фимарат, оқу үрдісі, сабактан тыс жұмыс және т. б. (5 данадан артық емес) – қалауы бойынша.